**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының**
**«Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі**
**№54 Т.Рысқұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі КММ**

**«КЕЛІСЕМІН»**
Оқу ісі жөніндегі орынбасары:
Әбілмәжінов Ә
1.09.2023ж.

**«БЕКІТЕМІН»**
Мектеп директоры м.у.а:
Ж. Мирзатаев

# *Кәсіптік бағдар беруші педагог*
# *Иманов Абдуохаптың айлық және апталық жұмыс жоспары*

***2023-2024 оқу жылы***

## Түсінік хат

Кәсіби бағдарлау – бұл тұлғалық ерекшеліктерді есепке ала отырып, әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы еңбек нарығында мектеп оқушыларына кәсіби өзін өзі анықтауына және жұмысқа орналасуына көмек көрсетуге бағытталған ғылыми негізделген ісшаралар жүйесі. Балаларға қосымша білім беру – көпқырлы тұлға тәрбиелеудегі, оның біліміндегі, ерте кәсіби бағдарлануындағы маңызды бөлім. Балаларға қосымша білім беру саласы алуан түрлі, түрлі бағдарланған, көп вариативті. Балаларға қосымша білім берудің құндылығы жалпы білім берудің вариативті құрамдас бөлігін күшейтеді және балаларға кәсіби өзін өзі анықтауына көмектеседі, базалық құрамда алынған білімдерін, күштерін жүзеге асыруға ықпал етеді. Балаларға қосымша білім беру балалық шағын толыққанды өткізу үшін балаға жағдай жасайды. Егер бала әлеуметтік маңызы бар міндеттерді шешіп, өзін өзі жүзеге асырып, тіпті қызметтің кәсіби өрісіне шығып, толыққанды өмір сүрсе, онда оның есейген шағында қатесіз таңдау жасауына, үлкен нәтижелерге жетуіне көптеген мүмкіндігі болады. Балаларға қосымша білім берудің негізгі мазмұны – тәжірибеге бағдарланған қызмет: мұнда бала іздеу жағдайында өзі әрекет етеді, мәдени ескерткіштермен, табиғатпен, еңбек нысандарымен және т.б. өзара әрекеттен білім алады; балаға қоршаған ортадан өзі білім алуы керек кезінде жағдайлар жасалады. Балаларға қосымша білім беру – бірыңғай шығармашылық жағдай, себебі балаға өз жолын табуға түрткі болады. Бала қосымша білім беру саласында өмірдің ең маңызды мәнін ұғынады – өмірдің мағынасын және болу мүмкіндігін іздейді. Және де әрбір жаңа балаларға қосымша білім беру ұйымдарының ашылуы балалардың мамандығы кеңістігін ұлғайтады. Қазіргі заманның балаларына енді бала тұлғасының қалыптасуына мектеп монополиясы жайлы түсініктер өзгергенін түсіндірудің қажеттігі жоқ; балаларға қосымша білім беру ұйымдарының беделі өсуде, олардың білім алу әлеуеті кеңеюде; «ыңғайсыз» (қалыпсыз) 9 балалар өздеріне жаңа орындар табуда. Жеке тұлғаға бағдарлау негізінде қосымша білім беру ұйымдарында балаларды кәсіби бағдарлаудың табыстылығы келесі педагогикалық шарттар арқылы қамтамасыз етіледі: Табиғи және мәдени сәйкестілік, пәнаралық байланыстар, жеке тұлғаға бағдарланған технологиялар қағидаттарын есепке алу және жүзеге асыру. Белгіленген шарттарды сақтау тәрбиеленушілерге жеке қорларын дамыту мен қалыптасуда, табуда көмек көрсететін, олардың табысты кәсіби өзін өзі анықтауын қамтамасыз ететін; келешектегі кәсіпті саналы түрде таңдауға дайындығын дамыту үшін нақты тұлғаның, елдің, өңірдің сыртқы мәдени жағдайларын; тәрбиеленушілердің жыныстық және жас ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін жүзеге асыру мен есепке алу жолымен кәсіби бағдарлаудың табыстылығын қамтамасыз етеді.

**Мақсаты:**
оқушыларға өзінің қабілетін, белгілі бір кәсіптік салаға бейімділігін анықтауына, соның негізінде жоғары буында оқу бағдарын дұрыс таңдауына көмек беру;

**Міндеттері:**
-оқушыларға мамандықтар әлемітуралы біртұтас мағлұмат беру,
-оқушылардың өз қызығушылығын,
-бейінін,қабілетін анықтауы үшін арнайы сауалнамалар жүргізу,
- кәсіптербойынша адам қасиеттерінің ерекшілігімен таныстыру,
-оқушының өзінің танымдық және жеке бас ерекшеліктері мен таңдаған кәсіптік саласына қажет кәсіби сипаттамаларды ұштастыра отырып, кәсіби жолын анықтауына жағдай туғызу;

**Күтілетін нәтиже:** оқушының өзінің табиғи әлеуеті мен танымдықмүмкіндігін тануы, жеке танымдық қорытындымен ішкі қажеттіліктері негізінде кәсібибағдарлану жолын анықтауы;

**№54 Т.Рысқұлов атындағы жалпы орта мектебі**
**2023-2024 оқу жылына арналған Кәсіптік бағдар беру жұмысының айлық, апталық жұмыс жоспары**

**Қыркүйек**

| № | Іс- шара мазмұны | Сынып | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Кәсіптік бағдар беру кабинетін жабдықтау. Оқушыларды жинақтау, жұмыс жоспарын бекіту | 7-11 | Қыркүйек | Кәсіптік бағдар беруші педагогы Иманов А |
| 2 | Кәсіби бағдар бойынша оқушыларды ақпараттармен таныстыру | 7-11 | Қыркүйек | КББП Иманов А |
| 3 | Ата-аналар жиналысы. Кәсіптік бағдар беру жұмысымен таныстыру. «Жасөспірімдердің мамандық таңдауда ата-аналардың рөлі» | Ата-аналар | Қыркүйек | Мектеп әкімшілігі Иманов А |
| 4 | Кәсіби бағдарлау нәтижесінде 11-9 сынып оқушыларының тізімін,бейіндік пәндерін,оқу бағытын,мамандығын анықтау. | 9-11 | Қыркүйек | КББП Иманов А |

**Қазан**

| № | Іс- шара мазмұны | Сынып | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1.**1-4-ші сыныптар арасында** кәсіптік бағдарлау бойынша «**Менің болашақ мамандығым**» атты сынып сағаты. | 1-4 | Қазан | Сынып жетекшілер КББП Иманов А |
| 2 | 2. «**Менің ата-анамның мамандығы**». Тақырыбында суреттер байқауы. | 1-4 | Қазан | Кітапханашы Белтаева О КББП Иманов А |
| 3 | «Қайда оқуға баруға болады?» атты оқушылармен пікірлесу сағаты | 9-11 | Қазан | КББП Иманов А |
| 4 | Шығармалар байқауы: **«Бизнес әлемін мен қалай елестетемін?»** 5-6сыныптар. | 5-6 | Қазан | КББП Иманов А |

**Қараша**

| № | Іс- шара мазмұны | Сынып | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| | «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында суреттер салдыру арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру | 7-8 | Қараша | Көркем сурет пәні мұғалімдері КББП Иманов А |
| 1 | Кәсіптік бағдар бойынша оқушыларға кеңестер беру.<br>«Мамандық таңдау - өміріңнің бір кірпішін дұрыс қалау» | 9-11 | Қараша | КББП Иманов А |
| 2 | «Маңызды мамандықтар» тренингі | 7-11 | Қараша | КББП Иманов А |

**Желтоқсан**

| № | Іс- шара мазмұны | Сынып | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Болашақ мамандығым - менің тағдырым» тақырыбында топтық пікірталас өткізу. | 7-8 | Желтоқсан | КББП Иманов А |
| 2 | «Үздік түлек» кездесу | 9-11 | Желтоқсан | КББП Иманов А |
| 3 | Мамандық таңдауда ата-ананың ықпалы қандай? Ата-аналармен сұхбат | Ата-аналар | Желтоқсан | КББП Иманов А |
| 4 | «Мамандықты өмір таңдауы» тақырыбында баяндама | 11 | Желтоқсан | КББП Иманов А |

**Қаңтар**

| № | Іс- шара мазмұны | Сынып | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Мені қызықтыратын мамандықтар» сурет байқауын жүргізу. | 7-8 | Қаңтар | КББП Иманов А |
| 2 | «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | дөңгелек үстел | 8 | Қаңтар | КББП Иманов А |
| 3 | «Мамандығым-болашағым» тақырыбында оқушыларға тренинг ұйымдастыру | 9 | Қаңтар | Мектеп психологы Құралбаев Д<br>КББП Иманов А |

**Ақпан**

| № | Іс- шара мазмұны | Сынып | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Таңдалған мамандық-болашақтың жарқын кепілі» баяндама | 9 | Ақпан | КББП Иманов А |
| 2 | «Мен мамандық әлеміндемін»<br>Кәсіптік бағдар бойынша кітап көрмесін ұйымдастыру | 7-11 | Ақпан | КББП Иманов А<br>Кітапханашы<br>Белтаева О |
| 3 | «Кәсіби таңдауым-өмірлік қалауым» кәсіптік білім оқу орындары мамандарымен сұхбат өткізу | 9 | Ақпан | КББП Иманов А |

**Наурыз**

| № | Іс- шара мазмұны | Сынып | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Болашақта сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат | 9-11 | Наурыз | КББП Иманов А |
| 2 | **«Мамандық-кеше, бүгін, ертең»** | 9-10 | Наурыз | КББП Иманов А |
| 3 | Болашақ мамандықтарына қызығушылықтарын ояту мақсатында тестілеу мен сауалнама жүргізуді ұйымдастыру | 7-8 | Наурыз | КББП Иманов А |

**Сәуір**

| № | Іс- шара мазмұны | Сынып | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Сынып сағаттарымен дебаттар ұйымдастыру "Мен және менің болашақ мамандығым" | 7-8 | Сәуір | Сынып жетекшілер КББП Иманов А |
| 2 | «Мен мамандық әлемінде» эссе байқауы | 9-11 | Сәуір | КББП Иманов А |
| 3 | Кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша ата-аналарға жеке кеңестер беру | 9-11 | Сәуір | КББП Иманов А |
| 4 | А.Е.Климов «Мен қаладым» Д.Голланд «Қызығушылық картасы» сауалнама алу | 9 | Сәуір | Көркем сурет пәні мұғалімдері КББП Иманов А |

**Мамыр**

| № | Іс- шара мазмұны | Сынып | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Бітіруші түлектерге Қазақстандағы ЖОО, Кәсіптік білім беру ұйымдары туралы ақпараттармен бөлісу | 9-11 | Мамыр | КББП Иманов А |
| 2 | Ата-аналармен сұхбат. "Балаға мамандықты таңдауға қалай көмектесу керек?"», «Зиянды әдеттер мен жасөспірімдер ортасы". | Ата-аналар | Мамыр | КББП Иманов А |
| 3 | «Менің мамандығым-менің болашағым» баяндама | 11 | Мамыр | КББП Иманов А |
| 4 | Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының қорытындысын сайтқа жүктеу | 7-11 | Жыл бойы | КББП Иманов А |